

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ
ЕУРАЗИЯНЫҢ
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АЗУЛЫЛАРЫ

Алматы
«Қазақ университеті»
2024

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Баспаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультетінің Ғылыми Кеңесінде
(1 хаттама, қазан 2024 ж.) талқыланып ұсынылған.

«АР14869303 – Қазақстанның ежелгі және қазіргі мәдениетіндегі қасқыр мен иттің рөлін этнозооархеологиялық зерттеу» іргелі зерттеу жобасы қаражаты есебінен жарық көрді.

Жобаның ғылыми жетекшісі: профессор Тәттігүл Картаева

Рецензенттер:

Нұрсан Әлімбаев – Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, БҒК, профессор, т.ғ.к.

Аманжол Қалыш – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, профессор, т.ғ.д.

Сейфул Йылдырым – Хажеттепе университеті, профессор, доктор.
Түркия/Анкара.

Қ Қазақстан және Орталық Еуразияның ежелгі және қазіргі азулылары/ Картаева Т., Сала Рената, Деом Жан-Марк, Ақымбек Е., Мұрғабаяев С., Шағырбаяев М., Фрикке П.А., Усманова Э.Р., Косинцев П.А., Фрикке Ф., Бейсеғұлова А., Қожахметов Б., Есенаманова А., Сапатаев С., Құрманғазов Б., Шақшақов Қ. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 322 б.

ISBN 978-601-7063-19-1

Еңбек археологиялық қазбалардан табылған қасқыр мен ит сүйектерінің қалдықтары, қолданбалы сәндік өнер туындыларындағы (артефактілер) мен жартастағы суреттердің бейнелерін, остеологиялық және генетикалық талдаулармен бекітілген зооархеологиялық зерттеулерді, этнографиялық мәліметтерді зерделеу арқылы Қазақстанның голоцен және дәстүрлі мәдениеттеріндегі адамдар және қасқыр мен иттердің өзара қарым-қатынасын зерттеуге арналған. Қасқырларға, иттерге және олармен байланысты қоныс, тайпаларға қатысты археологиялық және этнографиялық деректердің мәліметтер базасын ұсынған. Жерленген ит сүйектері, петроглифтік ескерткіштердегі ит/қасқыр бейнесі статистикасы, ғылыми сипаттамасы, сәндік қолданбалы өнер туындыларындағы, шаруашылық-тұрмыс заттарындағы ит бейнелері, жазба, визуалды деректердегі ит бейнесі, итпен байланысты фольклорлық, тарихи-мәдени мұра ғылыми талдау жасалған.

Еңбек зооархеология, мәдени антропология, этнология, этноархеология, этнозоология бағытындағы ғылыми ортаға, өлкетанушыларға, көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN 978-601-7063-19-1

© Картаева Т., т.б. 2024
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| Картаева Т., Қожахметов Б. Этнозоархеологиялық иттану: қазақы көзқарас (алғы сөз)..... | 5 |
| Картаева Т., Сала Рената, Деем Жан=Марк, Сапатаев С.. Иттану және этнозоархеология (алғы сөз)..... | 5 |
| Сала Рената, Деем Жан=Марк. О этнозоархеологической исследований псовых в древней и современной культуре Казахстана (предисловие)..... | 15 |
| Сала Ренато, Деем Жан=Марк. Археологические свидетельства о древних борзых Казахстана | 22 |
| Сала Ренато, Деем Жан=Марк. Археологические свидетельства предков казахского тобета | 32 |
| Құрманязов Б.І., Шакшақов Қ. Ботай қонысынан табылған ит сүйектері жайлы | 42 |
| Ақымбек Е., Шағирбаев М. Обряд погребения собаки у древнего и средневекового населения Казахстана | 51 |
| Фрикке П.А., Усманова Э.Р., Косинцев П.А., Фрикке Ф. Собака в погребальном обряде эпохи бронзы Урало-Казахстанских степей (по материалам памятников синташтинской культуры)..... | 85 |
| Мұрғабаяев С. Үлкен Қаратау жартас суреттеріндегі жыртқыштар образы | 100 |
| Картаева Т., Қожахметов Б. Қазақ төбетінің тарихи-этнографиялық анықтамасы | 114 |
| Картаева Т., Қожахметов Б. Историко-этнографическая свидетельство казахского тобета | 133 |
| Бейсеғұлова А. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы ит | 158 |
| Қожахметов Б., Картаева Т., Бейсеғұлова А. Қазақ халқының итпен байланысты отбасылық архаикалық ғұрыптары | 190 |
| Қожахметов Б., Картаева Т., Бейсеғұлова А. Орта Азия мемлекеттеріндегі ежелгі ит тұқымдарын қорғау, сақтау: құқықтық этнология тұрғысынан талдау..... | 214 |
| Картаева Т., Бейсеғұлова А., Қожахметов Б., Есенаманова А. Ит бейнелері алғашқы визуальды деректерде | 234 |

Қартаева Т., Бейсеғұлова А., Есенаманова А.

Артефактілердегі итпен байланысты бейнелер 268

Қожахметов Б.

Кәсіби ит өсірушілерлермен практикалық жұмыс барысында
алынған мәліметтер..... 274

Ит бойынша экспедициялық, сауалнамалық сұрақтар 318

Дерек кісілер 320

Авторлар 320

ЭТНОЗООАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ИТТАНУ: ҚАЗАҚЫ КӨЗҚАРАС (алғысөз)

«Қазақстан және Орталық Еуразияның ежелгі және қазіргі азулылары атты бұл ғылыми кітап «АР14869303 – Қазақстанның ежелгі және қазіргі мәдениетіндегі қасқыр мен иттің рөлін этнозооархеологиялық зерттеу» іргелі зерттеу жобасы нәтижесінде оқырмандарға жол тартып отыр. Кітап осы жобаның негізгі орындаушыларымен (Картаева Т., Бейсегулова А., Сала Р, Деом Ж-М., Косинцев П.А., Хермес Тейлор, Плахов К.Н., Қожахметов Б., Есенаманова А., Сапатаев С.) қатар, Қазақстанның археология ғылымындағы ит тарихына қатысты жазбаларды ұсынған авторлардың (Ақымбек Е., Мұрғабаяев С., Құрманғазов И., Шағырбаев М.) жазбаларын біріктіреді.

«Ит – қасиетті» деп тануымыз неден?

Қазақы тазы мен төбеттің аңыз бейнесі, шығу тегінің мифтендірілуі, олардың бейнесінің қасиеттенуі, яғни сакральды мәнге ие болуы иттердің адамдармен етене байланысып, ғасырлар бойына бірге тіршілік етіп келуімен байланысты. Тазы мен төбеттің тарихи бейнесін, қазақтың тұрмыс тіршілігіндегі орнын айғақтауда этнографиялық, зооархеологиялық зерттеулерді басты мақсатқа шығарып, итпен байланысты фольклорлық, лингвистикалық деректермен кешенді қарастырудың маңызы зор.

Ежелгі түркілердің итті тотем тұтуы, итпен байланысты аңыз бейнелерді қалыптастырды. Аңыз ит – ертегілерде, аңыздарда немесе петроглифтік бейнелерде, антикалық бейнелерде кездесетін симбиоз иттер бейнесі, олар «қанатты ит» (ұшу қабілетіне ие ит), «ит адам», «ит басты адам» немесе «адам денелі ит» (денесі ит басы адам/ денесі адам басы ит/денесі мен басы ит, бет жүзі адам) деп сипатталады. Мифтік адам бейнелі ит немесе «ит адамдар» иттің адамға ауыспалы сипатының архаикалық көрінісі. Ғылымда адамға ауыспалы, құбылмалы бұл бейне «кинокефал», «киноцефал» деп аталады.

Аңыз бойынша тазы ит алақаз, яғни қарала құс жұмыртқасынан

жаратылған. Белгілі этнограф Әбубәкір Диваев 1880 жылдардан бастап Сыр бойында бірнеше рет болып, ертегі, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, наным-сенімдерді жинақтап, жазып алып жариялап отырған. Тазының жаратылуы туралы халық арасында таралған аңыздың бір нұсқасын Ә.Диваев Сыр бойы қазақтарынан жазып алып, орысшаға аударып, 1908 жылы «Этнографического обозрения» басылымына, одан кейін «Туркестанский сборник» басылымның 568-томында жариялаған (Диваев, 1908: 1-2). Әбубәкір Диваев: «Қазалы, Перовск және Шымкент уездерінің қазақтарынан өзінің лақап аты бойынша бірегей құс – итала қаз жөнінде біздің әлденеше рет естуімізге тура келді, демек бұл аудармасында: «ит – ала қаз», – дегенді білдіреді» деп құмай тазының мифтік генетикалық шығу тегіндегі италақаз құстың халықтық атауы екенін айтады. «Ала қаз» жұмыртқасынан тазы басып шығарғандықтан «ит» атауын қосып алып «ит алақаз» атанған.

«Ит ала қаз» жұмыртқасын елсіз және биік төбелердегі ескі, айдаладағы мазарларға (молаларға) салады, ол үшін сол жерден әр түрлі аң және басқалар тастап кеткен інді пайдаланады. Жұмыртқадан «құмай» деген лақап атқа ие болатын тазы ит шығады. Олар титімдей болып жарық дүниеге келеді, қара ала төстері болады, керемет шапшаңдығымен, батылдық және ептілігімен ерекшеленеді, соған орай құмай құған аңшылықтың бірде-бір құрбаны қашып құтыла алмайды. Кейбір қазақтардың нық сенімі бойынша, ит ала қаздың етеккірі келіп, осы себепті бұл құстың еті тағамға пайдаланылмайды. Құмай күшігінің тағдыры, қазақтардың айтуы бойынша, өте аянышты болады. Өйткені ол жұмыртқадан шығысымен-ақ ит ала қаз күшігін тағдырдың ырқына тастап кетеді, содан барып, ол ұясында сөзсіз аштан өліп қалады. Міне, құмайдың өте сирек кездесетіні де осы себептен екен, қазақтың пікірі бойынша, бұл дүниедегі аса бір бақытты адамдардың қолына түссе, асқан берекеге кенелтеді» (Диваев, 1908: 1-2). Тазының жаратылуы туралы аңыздың бір нұсқасында тазы «ит ала қаз» жұмыртқасының бірінен «қанатты ит» болып жаратылады, екінші жұмыртқадан құс балапаны шығады. Тазының ұшқырлығы, жүйріктігі оның жаратылысында қанатты болуымен байланысты-мыс. Яғни жұмыртқаның бірінен құс пайда болса, екіншісінен қанатты ит, яғни «ит – құс» немесе «құс ит» пайда болады.

Тазының жаратылуы жайындағы осы аңыздың шығыс қазақтары арасында таралған бір нұсқасында алақаз жұмыртқасын қасқыр мен аюдың ескі апандарына немесе таудың үңгірлеріне

салады, жұмыртқадан шыққан күшік көзін ашысымен аңға жүгіреді, жолбарыс, арыстанға дейін ауыз сала алады. М.Мұқанов аңыздың осы нұсқасына жүгінген (Мұқанов, 1979: 92).

Махмұд Қашқари жазып қалдырған аңыз бойынша: «ерте түркілердің аңыз, нанымында бүркіт қартайғанда екі жұмыртқа тауып, соларды басады, сол жұмыртқаның бірінен барақ ит, бірінен бүркіт шығады екен. Иттердің ең ұшқыры, аңшы иттердің ең мықтысы осы барақ иттер болады екен. Екінші тұқымнан (жұмыртқадан –Т.К.) бүркіттің балапаны шығады екен, бұл оның ақырғы балапаны болады-мыс» (Махмұд Қашқари, 1 т., 1997: 435).

Қазақы ит тұқымы тазы мен төбет те құстан жаратылған. Тазы мен төбеттің қасиеттілігі олардың бағзы замандардан тотемдік сипатқа ие қыран құстардан жаратуымен де байланысты. Екеуінің сырт келбетіне жаратылысына тартады, төбеттің басқа итке қарағанда алыптығы бүркіттен, ал тазының тұмсығының ұзындығы, жұқалығы алақаздан. Қасқырдың бір жанама атауының «ит-құс» болуы, оның итпен жаратылысы бір, ал иттің өзі құстан жаратылған.

Ит «жеті қазына» (жігіттің жеті қазынасы, ер қазынасы) ұғымының ажырамас құрамы, деп «құмай тазыны» таныған. Қазақ халқының табиғат пен ғаламға қатысты білімдер жүйесі тұрғысынан қарасақ жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, көк мылтық немесе берен мылтық, алмас кездік, ау-жылым, қара қақпан иеленген ер жігіт өзін де, үйішін ішер ас, киер киімнен кем қылмайды. Қазақ халқының туыстық қатынас тәртібінде жүйрік аттың бәйгеден алған, қыранның ілген, тазының шалған олжасы әулеттің, ауылдың олжасы, несібесі саналған.

«Жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы,
Көк мылтық, алмас кездік қысы=жазы,
Ау=жылым, қара қақпан құра білсе,
Жігіттің келіспей ме сонда сазы»

(Күдері қожа мен Ұлбике айтысы. Айтыс, 1965).

Қазақ халқы қашанда несібесін бөліп отырған. Қазақтың бір несібе, байлығы малында болса, оның да амандығын қамтамасыз етуде иттің ролі зор болды.

Иттің адамзатпен бірге жасасып келе жатқаны жайындағы аңыздардың бірінде: «Құдай тағала адамды топырақтап жаратып жерге қойған кезде адам тәнін итке күзеттірген, алғашқы адамға

қастық ойлап келген шайтаннан ит адамның жанын қорғап қалған. Адамға адал қызмет еткені үшін Құдай тағала итке жылы тері жүн берген» (Бабалар сөзі, 78 т., 2011: 123). Осы мазмұндағы аңыз нұсқалары моңғол, алтай, бурят, саха, хакас, шор, эвенки, мариларда да кездеседі (Тойшанұлы 2016. 285). Жаратқан ие адамды балшықтан илеп, ал итті адам кіндігінен ойып алып жан бітірген, яғни иттің адамның кіндігінен жаратылғаны жайында да аңыздың бірнеше желісі тараған (Тойшанұлы, 2016: 127-129). Қорқыттың қобызға салып таратқан бір күйінің аты «Ұшардың ұлуы» деп аталады. Бір кейуананың жалғыз ұлы Ұшар атты құмай тазын аңға салып жүреді, сол жалғыз ұлы айықпас дертке шалдығып қайтыс болып, жерлеген соң ел жаңартамыз басқа жерге көшеді. Жаңа қонысқа келгенде Ұшар тазысын таппай қалады, ескі жұртқа іздеп келсе Ұшар иесінің қабірі басында тұмсығын көкке созып ұлып отыр екен. Иесін жоқтаған Ұшардың мұңын Қорқыт қобызға салады (Қорқыт, 1999: 109, 116). «Итті иесімен қинасын» деген қазақ дүниетанымының астарын ашатын оқиғалар желісі ел арасында қазір де өте көп.

Қазақтың итті «жеті қазынаның бірі», - деп санауы иттің Көк иесі құстардан мифтік жаратылысы, адам мен иттің жаратылысынан бірге жасасып келуі, өз иесіне қызметімен, итті адамға теңеумен тығыз байланысты. Қазақ халқының рухани мәдениетінде итпен байланысты тотемдік, культтік ғұрыптардың ғасырлар бойына сақталып жетуі «ит – қасиетті» ұғымының айғағы.

Этимология

Көне түркі сөздіктері «ит» ұғымының ерте түркілік заманға дейін болғанын дәлелдейді. «Ыт үрді – ит үрді», «Ыт енүкленді/Ыт енүкледі, ыт енүклемек – ит күшіктеді, ит күшіктемек», «Қанчық – ұрғашы ит» (Махмұд Қашқари: 1997: 347, 363, 535; Древнетюркский словарь, 1969: 215).

Тарихи дәуірлер ырғағына сай қазақ тілінің итке қатысты кейбір дәстүрлі танымдар жүйесіне атаулар жүйесіне, дыбысталуына өзгеріс енді. «Ыт» ерте түркі сөзі, уақыт өте келе ит сөзіне тұрақтаған (Древнетюркский словарь, 1969: 215). Ерте түркілер иттің күшігін «енук» деген; енүклер – күшіктер; енүкледі – күшіктеді; енүклемек – күшіктемек (Махмұд Қашқари, 1 т., 1997: 363). «Ыт кейікті сүргіледі» – ит киікті сүрді, ит киікті қуды. Бұл «киікті ұстау үшін ит ізіне түсті», – деген мағынада. (Махмұд Қашқари, 3 т, 1997: 474); құтұз ыт – құтырған



ит (Махмұд Қашқари, 1 т., 1997: 423).

«Ит» сөзі қазақ халқынан басқа көптеген түркі халықтарына ортақ, қырғыз, өзбек, түркімен, түрік, азербайжан, ұйғыр, құмық – ит; алтай, қарақалпақ, ноғай – ийт; башқұрт, татар – эт; тува, якут – ыт; чуваш – йыт.

Итке қатысты көне түркілік көпек сөзі де көптеген түркі халықтарына ортақ: қазақ – көпек; өзбек – куппәк; түрік – копәк; қарақалпақ, түрікмен, гагауз – көпәк, көпэйык.

Турколог-ғалым А.М.Щербак ит этимологиясына қатысты келесідей атау көрсетеді: өзбек – кучук, павчи, искавич, лайча; қырғыз – қорочу; якуттар – ноко, нохо; монғол – нохой; манчжур – индахун; тунгус – инда, ңгин, ңген, ңена; хакас – адай; татар, башқұрт – каки, игар, симажак; азербайжан – тула; түрік – акбаш, кангал, кәлп, чокмар, бажак, зағар, масти, хайта; гагауз – хайта, копай; қарақалпақ – күржі; түрікмен – ғажин, ұстаб; алтай – тайғыл; чуваш – вяшиэ (Щербак, 1961: 127).

Махмұд Қашқари бойынша тазының көне түркіше атауы – «тайған». «Тайған иүругүн тілкү севмез», яғни «Тазының жүйріктігін түлкі сүймес» (Махмұд Қашқари, 3т., 1997: 238). Махмұд Қашқари «Тазының жүйріктігін түлкі сүймес» атты сөз орамын бір бірін місе тұтпайтын екі білікті адамға қаратып айтылғанын түсіндіріп өткен. «Авлар кейік тайған ібіп тілкү тұтар» (Махмұд Қашқари, 1 т., 1997: 421; Древнетюркский словарь, 1969: 528).

Тазыға қатысты «тайған» атауын бүгінде ұйғырлар мен қырғыз бауырлар сақтап қалған.

А. Құрышжанов «тазы» сөзін түркілерге парсы тілінен кіріккен сөздер қатарына қосқан (Құрышжанов, 1970: 67, 118).

Қазақ халқы ертеде «тазы» мен «тайған» атауын қатар қолданып, кейін көптеген түркі халықтарында «тазы» атауы кең қолданысқа еніп кеткен, – деп жорамал жасауға болады.

«Таз» + «ит», ертетүркілердің иттің бұл тұқымының жүнінің тықыр болуына орай «таз ит» ұстаймын, «таз ит» өсіремін деген сыртқы сипатына қарай теңеуімен, екі сөз қосылып тазит, одан кейін тазы ит болып қалыптасып кетуі де мүмкін. Тазы, тазы ит атауы азербайжан, түрік, гагауз, татар, түрікмен, қарақалпақ, өзбек халықтарының тілінде де орныққан.

Арабы ит – халық арасында тазыларға қатысты зерттеушілер қолданылған атаудың бірі. «Арабы ит» атауының бір себебі арабтардың да «салюки» атты тазы типін ұстауымен байланысты болуы мүмкін.



Қазақ фольклорында тазыға қатысты «арабы ит» теңеуі кездеспейді. Бірақ, қазақтардың тықыр, түксіз кілемді «арабы кілем» деп те айтуы бар, осыған қарағанда «арабы ит», «тықыр ит» деген мағына береді. «Арабы ит» этимологиясы ерте орта ғасырдың соңғы ғасырлары, орта орта ғасырда орнықты ма деген жорамал айтамыз. Себебі Қазақстандағы археологиялық тазы сүйектері мен петроглифтердегі тазы бейнелерінің хронологиясы қазақ тазысының қазақ жеріндегі ежелгі ит тұқымы екенін айғақтайды (Толығырақ: Археологиялық анықтамада).

Межек, көне түрік тілінде ыт межегі – иттің боғы (Махмұд Қашқари, 1 т., 1997: 450). Иттің боғының «межек» атауы кейін келе қолданыстан шыққан, қазіргі қазақы ортада «иттің боғы» деп қолданады.

Қанчық – көне түрік тілінде, тазы/төбет иттің қаншығы; йатук – көне түркіше иттің жатағы, йалақ – көне түркіше ит тамақ жейтін ыдыс, итаяқ. Башқұрттарда итаяқ – ялғаш (Курышжанов, 1970: 53, 122).

Қазақ халқыныда иттің еркегін арлан деуі, олардың қасқырмен бір тұқымдас болуымен, ал керісінше ұрғашысын өлекшін деуі, оларды қасқырдан ажыратып қарауымен байланысты. Ұрғашысына қаншық атауды қатар қолданылады. Қаншық атауын Махмұд Қашқари да көрсетеді.

Қаншық атауы: азербайжан – ғанжиғ; башқұрт – қансай, қантай; гагауз, өзбек, ұйғыр – канжик; қырғыз, түрік – қанчик; түрікмен – ғанжик (Щербак, 1961: 128).

Тазы мен төбетке ортақ қасиет немесе зерттеу нәтижесі қандай қайшылықты көзқарастармен күреседі?

Алғашқы жазба деректердің барлығы бірдей төбет, тазы жайында нақты ақпарат бере бермейді, кейбірі жалпы ит жайында жазып өтсе, кейбірі қайшылықты ақпараттар береді.

Адамзат тарихындағы ең атақты саяхатшылардың бірі венециандық Марко Поло (шамамен 1254 - 1324) Құбылай хан Ордасында 15 жыл жыл бойына өмір сүріп, өз бақылауларын 14 ғасырдың басында «*Divisament dou monde*» атты кітапта бөлісті. Марко Поло Құбалай хан ордасында жабайы аңдарға салуға бейім ірілігі «есектей» иттердің және одан басқа аңшы иттердің барын айтады (Марко Поло, 28). Құбылай ханның ордасында ханнан басқа ешкім ит, аушы құс ұстамайды, Хан ордасынан тыс жерлерде әрине ұстай береді (Марко

Поло, 60). «Ұлы ханның екі бекзадасы, бауырлары бар, біреуі Баян, екіншісі Минган. Олар «сипісі» деп аталады, бұл «Меделландық иттердің қамқоршылары» дегенді білдіреді; әрқайсысының қол астында он мың адамы бар; он мыңдай адам бірдей қызыл киінсе, басқалары көк киіп, Ұлы ханмен аңға шыққанда үнемі осылай киінеді. Осы он мыңның екі мыңының әрқайсысының қарауында бір, екі немесе одан да көп иттері бар; Бұл олардың барлығының көп екенін білдіреді. Ұлы хан аңға шықса, оның бір жағында бір ағасы он мың аңшысымен, бес мың итімен, екінші жағында бір ағасы он мың аңшысымен иттерімен жүреді. Олар бірінен соң бірі жақын жүріп, бір күндік жолға созылып, әр жануарды ұстайды. Аңға, иттерге және аңшыларға қарау қызық, Ұлы ханға қарасаңыз, ол және оның айналасындағы бекзадалар жазықта сұңқар ұстап шауып келе жатқанда, иттер екі жақтан аюлар мен бұғыларды және басқа да жануарларды қуып келеді» (Марко Поло, 58). Халық арасында ірі, бойшаң төбеттерді дене тұрқысына қарай есектей деп сипаттау қазіргі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Марко Поло нақты иттің типін төбет не тазы екенін анық атап көрсетпесе де, иттің топтық аңшылыққа түсуінен, аушы құстармен бірге аңшылыққа салудың көне халықтық білімінен маңызды ақпарат береді.

«Народы Россий» атты еңбекте: «қазақтың әрбір үйінің жанында тік құлақты, арық, қазаққа ұқсамайтын бөтен адамға үргіш ит жүреді», - деген. Бұл жазбадағы итті «тік құлақты» деп сипаттауынан қазақы иттің қасқырға ұқсас типін немесе қасқырға ұқсас төбет типін айтып тұрғанын түсінуге болады. Қазақы иттің мал шаруашылығы, көшпелілік өмірмен байланысты ылғи қозғалыста және ширақ болуына орай оларды «арық» деп сипаттағанын түсінуге болады. (Народы Россий, 1879: 30).

Қасқыр алуға бірнеше төбетті, бірнеше тазыны бірге салу сирек болса да қазір де сақталған.

Тазыға қатысты алғашқы жазба деректердің бірқатарына сыни көзбен қарауға тура келеді. Мысалы, «Народы Россий» атты жазбада келесідей мәлімет бар: «Қазақтар аңға түрікпен тазысын салады. Тазылар аңға өзара бірлесіп түседі, оларды аңға түсуге арнайы баулымайды». Түркімен тазысы деп Маңғыстау өңірінде қазақтар мен түркімендердің этномәдени қарым-қатынасы негізінде жергілікті тазылармен қатар, түркімен тазысының келуімен байланысты айтылса керек. «Тазылар аңға өзара бірлесіп түседі», деп аңға бірнеше тазыны қатар салуы, ал «оларды аңға түсуге арнайы баулымайды», -

деп тазының аңшылық қасиетінің генетикасында болуын сипаттап отырғанын аңғару қиын емес (Народы России, 1879: 22). «Түлкі, қарсақ алуға бүркіт және тазы салған», – деген жазбада тазының аңшылық мүмкіндіктерін шектеп жазған. (Россия полное географическое..., 18 том, 1903: 118). Ал, «аңшылыққа үйретілген иттер салды», – дегенде осы тазы мен төбетті айтқаны сөзсіз (Россия полное географическое..., 18 том, 1903: 275).

Аңшы ит десе көз алдымызға алдымен алдымен тазы елестейтіні анық, себебі тазының аңшылық қасиеті басым, әрі тазы аңшылық қасиетін жылдам көрсете алады. Дегенмен де, қазақы төбеттің де аңшылық қасиеті ерекше, аңды басып қалуда, жұлуда азулылық танытады. Төбетті малшы, бақташы, қойшы ит деп қабылдау көзқарасы басым болғанымен, ал зерттеу барысында төбеттің аңшылық қабілеттері де тіркелді. Қасқыр алуы жайында фольклорлық деректер тіркелуімен қатар, су ішінен үйрек, қаз аулау, қоян аулау, сарышұнақ, суыр, тышқан түрлерін аулау жайында видеотіркеу, фототіркеулер жасалды. Дегенмен де, шапшыңдық, ұшқырлық тазыда басым.

Зерттеу кезінде тазыны малшы ұстаса, тазы аңшылықпен бірге бақташы-малшы қасиетін де аша алатыны анықталды. Зерттеу кезінде күні бойы қой отарының соңында жүрген, отарды қайыратын тазылар да жолықты, бәрібір аңға шыққанда тазы өзінің қызметіне жауапкершілікпен қарайтындай.

Төбеттің төрткөз типін қазақтар асырамаған, төрткөз итті қуып жіберген, төрткөз итті өлтірген деген пікір кейінгі кезде қазіргі заман тарихы кезінде орын алғаны анықталды. Қазақтардың төрткөз ит асырағанын алғашқы фототіркеулер мен алғашқы деректік фильмдер айғақтайды. Төрткөз белгі тазыда да кездеседі.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қазақтар төбеттің құлағы мен құйрығын кеспегенін, құлақ, құйрық кесу әдетінің XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқаны, бұл әдеттің отырықшы мәдениет қалыптасқан көрші халықтардың этномәдени әсерінен тарағанына көз жеткіздік.

Кеңес үкіметі тұсында жазылған деректердің де қайшылықты тұстары бар. Мысалы, С. Мұқанов: «иттің еркегі төбет немесе арлан» деп «төбет» ит тұқымын жалпы иттің еркегі атауына таңады, «қазақтар асырайтын иттер тұқым жағынан «дүрегей», «тазы» болып екігі бөлінеді, ...дүрегейдің еркегі – «барақ», – деп, қате талқылау ұсынған. Одан әрі «иттің жақсыларын қадірлей отырып, үруден басқа пайдасы

жоқтарына: «ит үреді, керуен жүреді» деген», – деп тағы да қате-келте талқылау берген (Мұқанов, 1979: 91-92). «Ит үреді, керуен көшеді», – деген иттің адамға ауыспалы сипатында «қисын айтылған сөзді елеме, көңіл аударма» деп адамға қарап айтылған ұғым. С. Мұқановтың иттің еркегін төбет, дүрегейдің еркегін барақ деуінің астарында төбетті, барақты адамға ауыспалы сипатта тек ер адамға теңеп айтатыны жатыр.

Далалық және фольклорлық зерттеулер «ит жеті қазынананың бірі» деген ұғымға тек құмай тазыны санағанын дәлелдейді, ал қазіргі таңда төбетті де жеті қазынананың біріне санайтынын көріп жүрміз.

Зерттеу барысында тарихи кезеңдегі төбеттердің қазіргі төбетке қарағанда мығым, шағын болғаны анықталды, қазіргі төбеттердің іріленуіне олардың байлаулы болуы және селекция, ассимиляция үдерістерінен өтуі себеп болған.

Қазақы ит (таза тұқымды) түр-типтерімен атаулары

Қазақы ит тұқымдары типтерінің аймақтық, географиялық ерекшеліктерінің сақталуы, өзгеріске ұшырауын айғақтауға бағытталған далалық зерттеулер жүргізу нәтижесінде ел арасынан бірқатар деректер жинақталды. Қазақ иттерінің жіктелуі иттің сыртқы түр-типі мен жергілікті жердің эко ландшафтына қарай бейімделуімен де байланысты. Мысалы: а) төбеттің түр, типтері: оңтүстіктік, маңғыстаулық, таутөбет, маңтөбет/салқам, қойтөбет/қойшы ит, төрткөз, т.б. (Толығырақ: Этнографиялық анықтамада); б) тазының жарғаққұлақ (тықыр), шашаққұлақ (құлағы, сирағы, құйрығы қылшықты) типтері және жергілікті айырмашылыққа қарай маңғыстаулық, Жем бойы мен Атыраулық, солтүстік қазақ тазысы, дала тазысы, тау тазысы, Жетісу тазысы, Жетісудың көкқасқасы, орталық өңірдегі «Ерейменнің аққасқасы». Таза тұқымды тазының «құны тазы» атануы өзіне ерекше назар аудартады.

Қазақ жеріндегі өзге тазы мен төбет

Қазақ жеріне қазақ халқының этномәдени байланысы арқылы келген өзге халықтардағы тазыдан самарқандық ши тазы, өзбек тазысы, қырғыздың тайғаны; төбеттен түркімен төбеті – алабай екені рас. Самарқандық ши тазы, өзбек тазысының таралуының басым ареалы – Оңтүстік Қазақстан, қырғыз тайғаны – Жамбыл облысы, түркімен алабайы – Маңғыстау.

Қазақ малшылары мен қазақ аңшыларының көршілес және басқа жұрттармен этномәдени байланысы арқылы келген өзге халықтардағы тазы мен төбет тұқымдарының қазақ жерінде таралуы, қазақы ит тұқымдарымен ассимиляциясына деген қарым-қатынасты салыстырмалы сараптаудың да маңызы этнозоология ғылым бағытында маңызды. Жамбыл облысында қазақы тазы мен тайғанның, оңтүстіктік қазақ тазысы мен самарқандық ши тазының, түркімен тазысы мен маңғыстаулық тазының, түркімен алабайы мен маңғыстаулық қазақы төбеттің буданының таралуы да тарихи дәуірлерден орын алғаны белгілі.

Түркімен алабайымен мен қазақ төбетінің шатысуынан тараған будан тұқымдардың негізінің түсі қара ала, ала болып келеді. Қазақ төбетінде де қара ала түстердің болуы кейде түсіне қарап ажыратуға қиындық тудыртады.

Халықтық астрономияда

Түркілердің ерте күнтізбелік біліміндегі «ит күн» – күннің атауы, ал шығыс халықтары мен түркілердің мүшел есебіндегі «ит жылы» халықтық білімінде иттің маңызды роль атқарғандығының дәлелі. Итпен байланысты метеорология, астрономиялық білімдер жүйесін зерттеу алдағы уақытта жалғаспақ.

Иттің мінез құлқымен байланысты сөз орамдарының адамға ауыспалы сипаты

Қазақ фольклорындағы итпен байланысты мақал-мәтел, нақыл сөздер жүйесінің барлығы дерлік иттің адамға ауыспалы сипатын танытады.

Иттің адамға ауыспалы бейнесі, мінез-құлқын ит бейнесімен беруді қазақ мәдени болмысы тұрғысынан талдау маңызды: мысалы, ит неме, күшік-ай, күшік неме, иттің баласы, ит мінез, ит жанды, иттік жасады; адамның тазы кейпін беруі: тазыдай, т.б.; адамның төбет кейпін беруі: төбеттей, кәрі төбет, арсыз төбет, көк төбет, т.б.; төбеттің зоомінезін адамға теңеудегі ауыспалы сипатына қатысты сын сөздер: төбеттей, кәрі төбет, арсыз төбет, көк төбет, т.б. Халел Досмұхамедұлы: «Егер ит айнадан өзін көрсе, ол өзін танымаған соң айнаға қарап үреді. Өз тарихын білмейтін халықта да солай», - деген нақыл сөзінде де иттің адамға ауыспалы бейнесін көрсетеді.

Адамның келеңсіз мінезіне қатысты итпен байланысты қалыптасқан сөз орамдары баршылық, солардың бірқатарына ғана көз жүгіртсек:

ит басты, сиыр аяқты – жексұрын, сұмпайы адам;

ит басына төгілу – молшылық, аста-төк болу;

ит басын шағу/ит басын шақты – рәсуасын шығару, көзін жою, қатты қинау (ҚХР, Іле-Құлжа аймағы);

ит жеріген жаужұмырдай – жеккөрінішті, сүйкімсіз, құнсыз, қадірі жоқ;

ит көзі түтін танымас болу – әрең-әрең күнелту, күн көру, күні қараң болу;

ит көтінен ине алу – қулық істеу, сұғанақтық істеу;

иттің боқ жемесе басы ауырады – жамандыққа үйренген адам жамандық істемесе көңілі көншімейді;

иттің жүніне тұрған қылаудай – болмашы, мардымсыз, кішкене ғана (ҚХР, Іле-Құлжа аймағы; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 296-297);

ит арқасында тұрғысыз (Қызылорда, Арал) – ит байласа тұрғысыз;

иттің ұлы Байғотан (Алматы обл, Еңбекшіқазақ, Шелек, Моңғолия қазақтары) – кім көрінген, әркім, мысалы, Ол жерге иттің ұлы Байғотанда барып жатыр емес пе?, Ол ауылға иттің ұлы Байғотан да түспей кетпейтін.;

итшілеу – әуре болу; итіншектеу – әурелеу; итінектеу (Қызылорда, Арал) – кірігу, мысалы, Арамызға итінектеп кіріп, қатарласа тұрып алды.;

итіншек түйе (Қызылорда, Қармақшы) – иттің мінезінің түйеге ауыспалы сипаты, ретсіз алға сұғына беріп әдеттенген, жүрісі жайсыз, жетектегі түйе. «Итініп, тартынып, итіншектеп» сөздері де осы жетектегі түйенің бірде ілгері, бірде кейін шегініп, кейде тартынып жүруіне байланысты қалыптасқан теңеу сөз (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 297). Итіншек сөзі «Беташар» жырының халық арасында сақталған көне үлгісін де кездеседі.

«Алдыңғы түйең итіншек,

Итіншек деп келіншек,

Басқа ұрма келіншек»

(Беташар. Диваев, 1900: 12).

Беташардың осы көне мәтінін айту қазіргі таңда да Сыр-Арал өңірінде сақталып қалған.

Ел арасында тараған, Сыр-Аралда жүргізілген далалық зерттеу кезінде тіркелген мақал-мәтелдің түп-тамыры итпен байланысты көне реликтерге келіп тіреледі.

«Ит сегіз тауып, елден аспайды,

Ешкі сегіз тауып, қойдан аспайды», – деген мақалда иттің негізінен тақ күшіктеуін көрсете отырып, «ит тойған жеріне», – деген мақалдай, иттің иесінен кетпейтінін, әрі адамның да туған жеріне тартатынын көрсетеді.

«Байлаулы ит үреген,

Байлаулы өгіз сүзеген», – мақалдан қазақтың итті өсіруде бос ұстайтынын, қарғыбауды көбіне қолдана бермейтінін көрсетеді.

«Ит - адамның құлағы», – иттің үру, пысқыру, ұлу арқылы адамға әртүрлі жайдан хабар беруі.

«Итке ит ошақтың басында ұшырайды», – деп екі бұзық адам немесе екі мінезі оғаш адамның бір-біріне үйір болуын айтады, мінезі қыңыр адамды «ит мінезді», бұзық адамды «ит» деп кею осы мақалдан да көрінеді.

«Қабаған ит қайыр байлайды», – мақалдың мағынасы иттің қораны күзететінін, малды қорғайтын мінезін ашумен қатар, малдың барымташыға қолды болмай немесе ит-құс тартудан аман қалып, иесіне «қайыр», яғни несібе болуын айтумен байланысты.

«Әулиенің қасындағы мазарды ит ашпайды», – деген мақалдың мағынасы әулие басындағы басқа мазарлардың да қасиетін ашады. Бұл сөз орамы иттің сезгіштік қасиетімен және өзінің қасиеттілігімен байланысты. Әулиелік орындар қасиетті жер, әулие жерленген қорым «пантеон» есебін атқарған, атақты адамдарды әулие жерленген қорымға қою ертеден қалыптасқан. Яғни әулиелік культі қалыптасқан қорымдардағы мазарларды да қасиетті орын деп санау тұрғысында айтылған сөз орамы.

«Қой семірсе көтерер

Аузы үлкен, қарны кіші.

Ит семірсе құтырар», – деген мақалда иттің тойып алса үре қоймайтынын айтумен қатар, екінші мағынасында жоқтық көріп, одан кейін байып, бірақ мінез-құлқы өзгерген адамға қатысты ауыспалы сипатта қолданылады.

Ит тақырыбы неге шексіз көрінеді?

«Қазақстанның ежелгі және қазіргі мәдениетіндегі қасқыр мен иттің рөлін этнозооархеологиялық зерттеу» (2022-2024) жобасы аясындағы зерттеу ресми аяқталғанымен «ит» тақырыбы бізге шексіз көрінеді. Аз жыл өмір сүргенімен, бір анадан көп ұрпақтың бір мезгілде туылуы, тіпті бір жылда екі рет ұрпақ әкелуі, олардың тез көбеюін қамтамасыз етеді. Қазақ даласы өте кең, 2022-2024 жылдары, яғни жобаны жүзеге асыру жылдары бармаған елді мекендерден алдағы уақытта жаңа ақпараттар жинау өте маңызды.

Болашаққа мақсат пен міндет

«Ит» тақырыбын болашақта зерттеу келесідей мақсатты көздейді: Аборигендік қазақы ит тұқымдарының (тазы/төбет) тарихи тамырларын зоологиялық және зооархеологиялық, генетикалық және палеогенетикалық, тарихи-этнографиялық, палеоэтнографиялық, зооэтнографиялық, этноархеологиялық, этноэкологиялық, этно-лингво-мәдени, этнофольклор тұрғыда жаңа ақпараттарды пәнаралық қатынаста кешенді зерттеу; қазақы ит тұқымдары мен адам арасындағы қарым-қатынастағы дүниетаным (үйрету, функциональды типтері мен түрлерін қалыптастыру, культ, ғұрып, мифология), дәстүрлі танымдар (аңшылыққа баулу, мал шаруашылығында бақташылыққа баулу, этномедицина) мен қазіргі заманғы трансформациялардағы (ассимиляция үдерістері, спорттық өнерге бейімдеу) ерекшеліктерді ғылыми сараптау, қазақы ит тұқымымен адамдар арасындағы қарым-қатынасты ғылыми көзқарас арқылы реттеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін болашақта мынадай міндеттерді шешу жұмыстары жалғасуын табуы маңызды:

– қазақы ит тұқымдарын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздемесін, ғылыми-ақпараттық, деректер базасын құру, деректер қорларының тақырыптық талдауларын жасау: зооархеологиялық дерек – археологиялық ит сүйектері, морфометриялық өлшемдер және қаңқа типологиясы; иттердің дүниежүзілік деректер базасына (dog10K) археологиялық тазылар мен төбеттердің аймақтық археологиялық кадастрын енгізу; прото және этнографиялық кезеңге саятын петроглифтердегі ит бейнелерінің статистикасы, классификациясы, жаңа түрлерін табу, құжаттау; археологиялық

артефактілердегі және материалдық мәдениеттің музейлік коллекцияларындағы иттер мен иттердің дене мүшелерімен байланысты бейнелердің ғылыми атрибуцияланбаған үлгілері; қазақтың байырғы ит тұқымдарымен байланысты жазба және ауызша деректердің жаңа үлгілері; дерек кісілер және қазақы ит тұқымдары иелерінің, олардың тәжірибелерінің мәлімет базасы;

– қазақтың қазіргі аборигендік тазы және төбет тұқымдарын зоологиялық зерттеу: қаңқаның морфометриялық өлшемдері, типі бойынша жіктелуі, стандартты экстерьерін анықтау, типтік мінез-құлық сипаттамасы, аймақтық және типтік өкілдерінің арасынан қан сынамаларын алу және ДНК анықтау арқылы генетикалық зерттеу;

– Қазақстандағы және көршілес елдердегі (Ресейлік Каспий өңірі, Оңтүстік Орал, Оңтүстік-Батыс Сібір, Алтай, Моңғолия Алтайы, Қырғызстан, Өзбек және Түрікменстандық Арал бойы, Шыңжаң) археологиялық иттердің сүйектерін зооархеологиялық және палеогенетикалық зерттеу, оның ішінде: археологиялық деректер ит сүйектерінің табылған жері, стратиграфиялық контексті, хронологиясы, тафономиясы (шашыраңқы ит сүйектері, қаңқасы, бас сүйегі), таксондар, жынысы, морфологиясы, жасымен байланысты ғылыми мұрағаттық деректерін ғылыми айналымға енгізу, сүйектер мен тістерден ДНК алу, радиокөміртекті талдау (абсолютті хронология) және изотоптық талдау (қоршаған ортаны және азығын рационал нақтылау);

– голоцен дәуіріндегі адамдар, иттер және қасқырлар арасындағы қарым-қатынастарды және Қазақстанның дәстүрлі мәдениетіндегі қолға үйрету процесін, иттердің түрлері мен тұқымдарының қалыптасуының тарихи эволюциясын, иттер мен қасқырлардың өзара шағылысуы мен әрекеттесуінің тарихи кездерде қалыптасуын, тұқымдық гендердің ағымындағы географиялық тенденциялардың және иттердің функционалдық бөліністерінің айғағын археологиялық зерттеу;

– Қазақстан петроглифтеріндегі аңшылық, бақташылық, жауынгерлік композициялардағы «ит-адам/төбет-адам», «бөрібасар-адам-қасқыр» бейнесінің ежелгі мифологиялық семантикасын талдау және ит/қасқыр және адам (ликантроп, киноцефал) бейнесінің симбиозындағы бейнелерді талдау;

– қазақ және басқа түркі халықтарындағы ит культімен байланысты байырғы символдар мен атрибуттар жүйесінің қалыптасуын салыстырмалы сараптау арқылы қайта құру;

– қазақы ит тұқымдары типтерінің аймақтық, географиялық ерекшеліктерінің сақталуы, соңғы жылдардағы өзгеріске ұшырауын айғақтауға бағытталған далалық зерттеулер жүргізу, нәтижесін теориялық және практикалық ғылыми өңдеу;

– қазақы ит тұқымдарымен байланысты тарихи дәуірлердегі жер-су атауларының қалыптасуының этно-тарихи топонимдік, этно-тарихи ономастикалық жүйесін талдау;

– түрікмен алабайы, өзбектің бөрібасары, қырғыздың дебеті мен тайғаны, ирандық кахдерижани мен салуки, тувалық қойшы ит, моңғол тазысы/төбеті, түрік акбашы, т.б. қазақтың тазы мен төбетіне ұқсас тұқымдарды өсіру бойынша көршілес елдерде далалық зерттеулер жүргізу, көршілес тұқымдардың типтік морфологиясы және мінез-құлық сипаттамалары және генетикасын салыстыру үшін қан алу;

– қазақ ит тұқымдарымен байланысты этнотарихи топонимика мен ономастиканы түркі халықтарының ата-бабаларының Шығыс Моңғолиядан Понто-Каспий аңғарына (Ноходан Ноғайға дейін) дейінгі аймақты қамтитын географиялық ауқымда талдау және қазақ генеалогиясындағы ит тұқымдарымен байланысты этнонимдер мен тайпалар этимологиясы жүйесін ғылыми сараптау;

– қазақтың дәстүрлі ит танымы халықтық білімін талдауға қатысты жаңа ақпараттар жинау: қасқырдың «ит/ит-құс» эфемистік атауының тарихи түп-тамырын сараптау; шығыс және қазақ күнтізбесіндегі ит жылына қатысты халықтық астрономиялық білім; қазақы ит тұқымдарымен байланысты наным-сенім, әдет-ғұрып, магиялық ерекшелігі, этномедицинадағы қолданысы; сәндік-қолданбалы, көркемөнер туындылары, дәстүрлі тұрмыстық бұйымдар, кесене, құлпытастардағы иттабан, итқұйрық өрнектерінің семантикасы; тұрмыс-салт жырларындағы дәстүрлі ұғымдар, атаулар жүйесінің мәні; халық ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттегі; қазақы ит тұқымдары ауруларын емдеудегі, төбет күшігінің құлақ, құйрығын кесудегі халықтық ветеринарлық білім; қазақы ит тұқымының қартаюына орай атқарылатын дәстүрлі ырымдар: құйрық майға тойдыру, аузына май тығу, айран құю, нан салу, жерлеу;

– қазақы ит тұқымдарының түсіне қарай атауы (көк, көкшіл, ала, сары, қызыл, оржағал, т.б.) және ат қою ерекшеліктерін талдау, жинақтау;

– тазы мен төбеттің өзара шағылысқа түсуінен, тазы мен төбеттің басқа ит тұқымдарымен шағылысынан алынған «дүрегей» иттердің, қазіргі кезеңдегі қайың қаптал, көпек, барақ, алапардың түр сипаты,

ерекшелігі, қолданыстық маңызын зерттеу;

– қазақ малшылары мен қазақ аңшыларының көршілес және басқа жұрттармен этномәдени байланысы арқылы келген өзге халықтардағы тазы (самарқан тазы, ши тазы, өзбек тазысы, тайған) мен төбет тұқымдарының (түркімен төбет, алабай) қазақ жерінде таралуы, қазақы ит тұқымдарымен ассимиляциясына деген қарым-қатынасты салыстырмалы сараптау;

– қазақы ит тұқымдарын өсірудің табиғат пен ғаламға қатысты білімдер жүйесі санатында «Адамзаттың материалдық емес мәдениет мұрасының репрезентативті тізімі» бойынша ЮНЕСКО-ға ұсыну.

Әдебиеттер:

Бабалар сөзі. Қазақ мифтері. 78 том. – Астана: Фолиант, 2011. – 448 б.
Диваев А. Ит-ала-каз // Оттиск из «Этнографического обозрения». №1-2, 1908. – С.2.

Древнетюркский словарь. АНССР, Ред.: НА.Никитина, Н.П.Рычков. – Ленинград, Наука, 1969. – 715 с.

Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII века в «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата, 1970. – 233 с.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. /Құрастырған: Қ.Күдерина, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы: «Арыс», 2007. – 744 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс», 2005. – 824 б.

Марко Поло. Книга о разнообразии мира. [Marko Polo. Divisament dou monde] Перевод: И.М. Минаева. <https://aldebaran.ru/>

«Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1999. – 799 б.

Махмұд Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. – Алматы: Хант. 1997. 1 том. – 589 б.

Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар: 16 томдық. Халық мұрасы: тарихи-этнографиясы. – Алматы: «Жазушы», 1979. – 380 б.

Народы России. Киргизы. – СПб. Тип товарищества Общественная польза, 1879. – 58 с.

Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Өскемен: Шығыс ақпарат, 2016. – 298 б.

Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках. В книге: Историческое развитие лексики тюркских языков. – Москва: Институт языкознания АН СССР. 1961. – С.82-172.